

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім
бөлімінің «Дәния» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны**

**Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасының
көшірмесі**

14.04.2025ж

Талапты ауылы

Күн тәртібінде:

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Дәния» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынын аттестаттау туралы.

Тыңдалды: 2025 жылдың 14 сәуір бөбекжай-бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігі туралы.

Сөз алды: бөбекжай-бақша меңгерушісі Айжарыкова Баян Жапсаралиевна меңгеруші өз сөзінде 2025 жылдың 14 сәуірде бөбекжай-бақшасы кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігін хабарлады.

Ұжымда 2025 жылдың 14 сәуір күні бөбекжай-бақшада өзін-өзі бағалау жоспары жасалып, мерзімі белгіленді. Осы бағытта комиссия мүшелері құрылды. Комиссия құрамына тәрбиешілер кіргізілді.

Бөбекжай-бақша меңгерушісі Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңының 59-бап 4.1 тармақтарына тоқталды. Жауапты комиссия мүшелеріне тапсырмалар беріліп, өзін-өзі бағалау құжаттарын 2025 жылдың 14 сәуірге дейін тапсыру керек екендігін ескертті.

ШЕШІМІ:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының және Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 16 мамырдағы «2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде» 2025 жылдың 05 мамырында «Дәния» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны кезекті мемлекеттік аттестаттауға құжаттар өткізілсін.

1.1. Мемлекеттік аттестаттау кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген өлшем шарт негіздемеге алынсын.

1.2. 2025 жылдың 05 мамырға дейін өзін-өзі бағалау құжаттарын Интернет ресурстарына орналастырылсын:

- Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы;

- Кадрлық құрамға талдау;
- Тәрбиеленушілердің контингенті;
- Оқу -әдістемелік жұмыс;
- Оқу – материалдық активтер;
- Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры;
- Тәрбиеленушілердің білімдерінің бағалануы;
- Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

1.3.Өзін-өзі бағалау құжаттары 02.05.2025жылға дейін дайындалсын.

1.4. Бөбекжай – бақшаның Өзін-өзі бағалау құжаттары 2025 жылдың 14 сәуір педагогикалық кеңесте қаралсын.

«Дәния» бөбекжай-бақшасының
меңгерушісі:



Б.Ж.Айжарыкова